

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

«Бау-бақшада, бақтарда »

ЖАРИЯЛАНДЫ
26.02.2022СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/115434/**Есенгалиева Гульсим Телжановна****«Шолпан» бөбекжай-бақшасы, тәрбиеші****Атырау облысы, Махамбет ауылы****Білім беру саласы:**Коммуникация.**Ұйымдастырылған оқу қызметі:**Сөйлеуді дамыту.**Тақырыбы:** «Бау-бақшада, бақтарда »

Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, күз мезгілінің ерекшеліктері туралы білімдерін тиянақтау. Жыл мезгілдерін бірі күз мезгілін қазақша атай алуға үйрету. Байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Балалардың танымдық білімдерін кеңейту. Табиғатты аялауға

тәрбиелеу.

-Балалар бүгін бізде ерекше күн.

— Шеңбер бойымен дөңгелене тұрып, күн, жер анамен сәлемдесіп аламыз.

Бүгінгі көңіл-күйлерің қандай? Тамаша.

Интерактивті тақтамен жұмыс:

Бір жылда неше мезгіл бар?

– Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

– Күз мезгілі неше айдан тұрады?

-Күз мезгілінің қандай ерекшеліктері бар?

Сурет бойынша жауап береді.

Төрт мезгіл.

-Күз мезгілі

Қыркүйек, қазан, қараша.

— Күзде күн суыта бастайды, адамдар жылы киімдерін киеді. Ағаштың жапырақтары сарғайып, жерге түседі.

Жаңбыр жиі-жиі жауады,

құстар жылы жаққа ұшады.

Күз туралы тақпақтар білесіңдерме?

Өлең оқу.

Өрік, шие, бәрі бар,
Қауын, қарбыз көбейді.
Жегің келсе бәрін ал,
Неге аласың демейді.
Жемісі мол теретін,
Күз дос екен бізбенен.
Бәрін тауып беретін,
Жомарт екен күз деген.

Күзді неге жомарт күз деп атаймыз

Балалар күз туралы тақпақтарын айтып береді.

Балалар тәрбиешінің оқыған өлеңін мұқият тыңдап,
күздің жомарттылығын түсінеді.

-Ендеше баққа барғыларың келеме?

«Біз дәуірдің түлегіміз» әнін айтып баққа келу.

-Қайда келдік ?

-Бақтың ішінде нелер өсіп тұр?

-Қандай ағаштар?

- Балалар, жемістер қайда өседі?

-Балалар бақтың ішінде кім жүр?

Бағбаншы атаймен амандасып,

еңбегімен таныстыру.

-Балалар жемістер үлкен еңбекпен келеді, біз оларды егеміз, суарамыз,

баптап күтеміз. Піскеннен кейін жинаймыз.

– Бақшаға барып, көкөністермен таныстыру.

-Ал көкөністер қайда өседі?

– Адамдар көктемгі еккен егіндері пісіп, біздің қамбамымызға түседі. Қамбамыз жемістер мен көкөністерге толы болады.

Бақтан оралып, топқа келу.

Сурет бойынша әңгімелесу:

Бақтың суретін көрсетіп, әңгіме құрастырамыз? Жемістер мен көкөністердің адам денсаулығына пайдасы өте көп, құрамында көптеген дәрумендер болады.

Қане балалар жемістер туралы тақпақ білеміз бе?

Мен алмұртпын, алмұртпын

Аузындамын бар жұрттың.

Мен шиемін, шиемін,

Күннің көзін сүйемін.

Мен алмамын, алмамын,

Таңдай қатар бал дәмім.

Мен жүзімін, жүзімін,

Моншақ болып тізілдім

Көкөністер мен жемістер туралы жұмбақтар шешеміз бе?

Бақшада өседі, көп өнімдерін береді.

Ол не? (Көкөніс)

Көк ала қойым, көганда жатып семірді. Ол не? (Қарбыз)

Аласа ғана бойы бар,

қабат-қабат тоны бар. Ол не? (Орамжапырақ)

Көкпеңбек еді көктемде, қызарды күз жеткенде. Ол не? (қызанақ)

Жесең ашщы, көзіңнен шығарар жасты. Ол не? (пияз)

Күн нұрымен піседі, уылжып қолға түседі. Ол не? (жеміс)

Әрі қызыл, әрі тәтті, жеген жанды таңырқатты. Ол не? (Құлпынай)

Іші толған шәрбат, дәмі қандай әйбат, үзесің бірден, оның аты не? (жүзім)

Д/Ойын: «Бақта ма, бақшада ма?»

О/Мақсаты: Балалардың ойлау, сезу қабілеттерін дамыту, тез қимылдап табуға дағыландыру.

О/шарты:

Суретте ағаш пен жер бейнеленген?

Жемістер мен көкөністерді сәйкестендіріп табамыз.

Д/Ойын: «Не артық?»

О/мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін жетілдіріп, ажырата білу.

Сурет бойынша әңгімелесу: Жемістер мен көкөністер дәрумендерге өте бай. Көкөністерді тамақ пісіргенде қолданамыз. Ал жемістерді жейміз, тосап, шырын қайнатамыз.

Жемістер мен көкөністер дәрумендерге өте бай. Көкөністерді тамақ пісіргенде қолданамыз. Ал жемістерді жейміз, тосап, шырын қайнатамыз.

Шығармашылық орталық:

1-топ : Берілген суретке жемістер мен көкөністерді ажыратып, желімнің көмегімен жапсыру.

2-топ: Суретті құрастыру.

Бөлінген жемістің суретін құрастыру.

Сергіту жаттығуы:

Қорбаңдаған аюдың,

Құлпынайы көп екен,

Теріп- теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

Олардың барлығы еңбектің арқасында болады.

Еңбек туралы мақал – мәтел

білесіңдер ме?

Қорытынды:

Бүгін біз қайда бардық?

Сабақта не үйренгенін өз бетінше айту. Ерекше көзге түскен балаларды марапаттап, смайлектер тарату.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.